

«Bal-Aiym» бебекжай-бақшасы

Әлемді тербеткен аяулы – Ана

Тобы: «Балдырған» аралас тобы

Тәрбиешілер: Ергашова Г

Қайранова С

2024-2025 оқу жылы

Балалардың
бүткілесінің
жүртүшкілік
еңбекі

Балалар қолдарына жүрекше шарды ұстап, жұппен кіреді де, екі қатар болып тұрады. Ана туралы әнге би қымылдарын жасап, билейді. Би аяқталғаннан соң қолдағы шарларын жоғары қарай, қолдарынан босатып, ұшырады. Музыка ауенімен балалар саппен орындарына барады.

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар, аналар мен әжелер! Сіздерді көктемнің келуімен және бірге келетін алғашқы көктем мерекесі 8 Наурыз халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын!

«Жаным»дайсің мені.

Жаратушым-бір сен

Жалғыз өзің, тегі,

Жанашырым білсен,

Айналайын ана!-деп «Балдырған» аралас тобының бүгінгі 8 наурыз халықаралық аналар, әжелер, апалар мерекесіне дайындаған мерекелік ертеңгілігімізді бастаймыз.

Жүргізуши:

Балалар ең асыл жан кім? \Ана\

Айым, күнім, ботақаным деп еркелететін кім? \Ана\

Балалар бізге ең тәтті, ең дәмді тағамды кім дайындал береді? \Ана\

Сонымен бүгін қандай мереке? \Аналар мерекесі\

Осындай үлкен мерекеде аналардың жүзіне кішкене болса да қуаныш сыйлағымыз келе ме? \ Иә \

Жүргізуши:

Ақ анашым, әппағым.

Өзің жайлы тақпағым.

Арналады сіздерге.

Бар баланың тақпағын,-дей отырып балалардың тақпақтарын қабыл алыныздар!

Тақпақтар:

Айбархар

Ақ сүт берген балаңа

Күш - жігерін жұмсаған

Бұл өмірде жан ана

Тең келеді кім саған

Асылым

Құтты болсын ақ анам

Сегізінші науырызың!

Қасымда бол әрқашан

Жансын жарық жүлдізың,

Тілейді бақыт бір саған

Әлпештеген ұл - қызың.

Мұхаммеджан

Мәпелеп мені өсірген

Ризамын мен өзіңе.

Ана деген керемет,

Сыйласп өтем өмірде.

Исмайл

Менің әжем , гүл әжем

Алтын әжем, күн әжем

Анамұшін мен үшін

Нағыз ана тілі әжем

Әдемі

Ақ жаулықты әжемді

Ай жүзіне теңедім

Мейірімін таусылмас

Күн нұрына теңедім

Мұстафа

Аялаған анашым,

Мәпелеген анашым.

Менің саған тілегім

Қартаймашы анашым

Жүргізуши:

Ақ қар еріп,

Су көбейіп! Сай салаға толады.

Ағаш басы бүршік атып,

Гүл бәйшешек басады.

**Балаларым айтындаршы бүл қай кезде болады? \Көктем мезгілінде **

Көктем Аруы келіп, балалар мен ,ата-аналармен амандасады.

Жүргізуши: Көктем Аруы қош келдің, төрлет Көктем Аруы ! Біз сені көп күттік !8-

Наурыз аналар мерекесіне арнаған балалардың өнерін тамашалаңыз !

Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сәлеметсіздер ме, қонақтар! Айнала қандай

тамаша! Балалар, бүгін бәрін ете әдемі болып кетіпсіңдер. Міне менде сендерге

асыға жеттім, келе жатқан көктем мерекелерің құтты болсын!

Жүргізуши: Рахмет саған көктем, біздің балалардың көңілін бір көтеріп таstadtың!

Ендеше, біздің балалардың аналарына арнаған әнін тыңдаңыз

Хор: "Ана"

Ойын: Сіздердің назарларыңызға «Көріп кел» бағдарламасын ұсынамыз.

Жүргізуши: Қазір біз аналарымыздың қандай көріпкелдігі бар екенін білеміз.

"Оз баланды қолынан таны" ойыны ойналады.

Жүргізуши:

Мерекеге арналады бүгін билер ,

Кетерілсін канекей, көңіл күйлер

Алдарыңызға қазір ұлдар биі.

Қол соғып демеу берер көрермендер

Би: « » Орындастын – «Балдырған» тобының ұлдары.

Тақлақтар:

Кәусар

Бәріңіз де анасың

Біз үшін күн боп жансың

Құтты болсын мейрамың

Құттықтаймын анашым

Аяла

Бәріңіз де анасың

Біз үшін күн боп жансың

Құтты болсын мейрамың
Құттықтаймын анашым
Альтайыр
Бесіктерін әнімен
Тербетуде аналар
Жасай берсін сәнімен
Жер бетінде аналар
Бағдәулет
Мәпелейсің мені анам
Қолындағы құсындаі
Құлпыра өсіп дем алам
Құшағында қысылмай
Айсәуле
Тенденесі жоқ данасың
Арқа сүйер панаңың
Еңбегінді ақтаймын
Аман болшы анашым
Медина
Бесіктерін әнімен
Тербетуде аналар
Жасай берсін сәнімен
Жер бетінде аналар
Думан
Ақ анашым, аппағым,
Өзің жайлы тақпағым
Өзің жайлы әнім де,
Арнадым саған бәрін де

**Би: “Қамажай би” Кәусар қызымыздың орындауында жеке би
Көктем Аруы:**

Балалар сендер ойынауды жақсы көресіңдер ме? Егер сендер менің
сұрақтарыма жауап берсендер мен сендерге ойын әкелдім, келесесіндер ме?
Балалар көктемде қандай өзгерістер болады?

Көктем мезгілінде қай жақтан құстар ұшып келеді?

Көктем мезгілінде ең алғашқы қандай гүл шығады?

Ойын: «Кім бірінші қызға гүл сыйлады» Шарты: Ортада үстел үстінде
күмыраға салынған гүлдер тұрады. Ойынға 5-6 үл бала қыздарды вальс биіне
шақырады. Әуен ойналып, вальс билейді. Әуен тоқтаған кезде, үлдар жүгіріп
барып күмырадағы гүлді алып бірінші қызға сыйлау керек. Кім бірінші қызға
гүл сыйласа, сол бала жеңіске жетеді.

Менің қолымда бәйшешек гүлдер, Қазір мен бұл гүлдерді жерге бесеуін
қоямын, музыка ойналады, сендер билейсіңдер, музыка тоқталғанда тез гүлді
жерден алу керек, кім үлгірмейді сол ойынан шығады.

Хор: «Мамочка моя»

Тақпақтар

Жүргізуі:

Мың бұралған ақ қайындей
Бишілер шықсын ортаға.
Ал ендеше қол соғайық,
Қошеметпен қолқала.

Би :«Аппақ гүлдер» орындастының “Балдырған” тобының қыздары
Ойын: “Мақалдың жалғасын тап”

Аналарға әріптер беріледі сол әріптерді құрау арқылы мақалдың жалғасын
табады.

Тақпақтар:

Абдулла

Еркелеттің асырадың
Мойының асыламын
Аман болшы ардақты анам
Мен әрқашан қасындамын.

Алинұр

Аналарды сүйеміз
Сөзін ойға түйеміз
Әжені де ардақтап
Әдеппенпен бас иеміз

Дильфұза

Тенденсі жоқ данасың
Арқа сүйер панаңың
Еңбегінді ақтаймын
Аман болшы анашым

Асқаржомарт

Мен анамды сүйемін,
Сөзің ойға түйемін.
Анашымды ардақтап,

Мадина

Шашымды өріп тараған,
Қабағыма қараған
Үлкен кіші демейді
Сыйлайды оны бар адам.

Муса

Ана біздің күніміз

Ана біздің гүліміз

Аналардан тарайды

Біздің ана тіліміз.

Айлин

Құтты болсын ақ анам

Сегізінші науырызың!

Қасымда бол әрқашан
Жансын жарық жүлдүзың,
Тілейді бақыт бір саған
Әлпештеген ұл – қызың,
Басымды оған иемін.

Пародия: қызыл раушан «Балдырган» тобының ұлдары

Жүргізуші: Көктем Аруы, құрметті аналар көрдініздерме біздің балалардың барлығы өнерлі, әнші және биші!

Көктем Аруы: Ия, балалардың өнері өте кермет екен, Бірақ менің басқа топ балаларының өнерін тамашалайтын уақыттым келіп қалды, менің әсем гүлдерім сендермен үнемі бірге болады (гүл шоқтарын балаларға ұсынады)! Сая болыңыздар!

Жүргізуші:

Күндерініз толсын гүлге, желекке
Отбасында болсын ырыс-береке
Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді

Өмір-думан, бақ әкелсін мереке -дей отыра бүгінгі мерекеге арналған ертенгілігіміз аяқталды, келіп тамашалағандарыңызға көп раҳмет.

